

«БЕКІТЕМІН»
«Хабар» Агенттігі» АҚ
Басқарма Төрағасының
бірінші орынбасары
Л. Жунусова

«19» желтоқсан_2023 ж.

«Хабар» Агенттігі» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

КП	Кіші процестің атауы	Баға		Іс-шаралар	Жауапты құрылымдық бөлімше
		ықтималдық	ықпал ету		
Бизнес-процесс: Мүдделер қақтығысын реттеу					
КП-1	Ішкі талдау жүргізу барысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында мүдделер қақтығысын қарау кезінде тек қана жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарды, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарды, оларға теңестірілген адамдарды, лауазымды адамдарды объект ретінде қарайтынын көрсетті, ал тиісті ISO 37001:2016 халықаралық стандарты, оны енгізу жөніндегі міндеттемені уәкілетті орган квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін қояды және мүдделер қақтығысы объектілері ретінде барлық қызметкерлерді қарайды.	1	2	Осы құқықтық қайшылықты назарға алу, яғни Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңы мен ISO 37001:2016 халықаралық стандарты арасындағы сәйкессіздік және қадағалау жүргізу. Белсенді әрекетті қажет етпейді.	ҚҚБ
Кіші процесс: Контрагенттермен шарттар жасау/бұзу					
КП-2	«Хабар» Агенттігі» АҚ Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес және контрагенттермен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған ықтимал шаралардың бірі ретінде «Хабар» Агенттігі» АҚ қызметіне байланысты негізгі шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелерді енгізді. Шарттар жасасу қағидаларының 17-тармағының 2) тармақшасына сәйкес жасалатын шарттарды дайындау кезінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелер» бөлімі көзделуі тиіс. Сонымен қатар «Хабар» Агенттігі» АҚ жосықсыз іскер серіктеспен өзара іс-қимылға байланысты уәкілетті орган жүргізетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы тергеуге қатысушы бола алатын жағдайлар болуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Сондай-ақ, «Хабар» Агенттігі» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жүйесін құру кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тікелей ішінде ғана емес, сонымен бірге әртүрлі контрагенттермен: іскер серіктестермен, өнім берушілермен, белгілі бір жұмыстарды орындауға, қызмет көрсетуге тартылатын адамдармен және өзге де тұлғалармен өзара іс-қимыл барысында туындауы мүмкін екендігі ескеріледі.	1	2	Барлық шарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелерді көздеу, сондай-ақ іскер серіктестің/контрагенттің сыбайлас жемқорлық схемасына тартылу қаупін жою үшін, қажет болған жағдайда, егер контрагент сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені бұзған және (немесе) заңсыз қызметке тартылған жағдайда шарттарда шартты бұзу немесе өзге де жауапкершілік шараларын қолдану үшін негіздерді көздеу.	Барлық құрылымдық бөлімшелер

Кіші процесс: Қызметкерлерді жалдау					
КП-3	«Хабар» Агенттігі» АҚ жұмысқа қабылдау кезінде Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабына сәйкес қызметкерден еңбек шартын жасасу үшін қажетті көзделген құжаттарды талап етеді: Сондай-ақ, адам квазимемлекеттік сектор субъектісіне жұмысқа түскен кезде жұмыс беруші өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы осы адамға қатысты сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтерді талап етеді	1	3	Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде олардың сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы жалған мәліметтерді болдырмау үшін Жұмыс беруші өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы қызметкерді растай отырып, осы мәліметтерді сұратуы қажет.	ҚББ
Кіші процесс: мемлекеттік сатып алу аясында тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу					
КП-4	Сатып алу қорытындылары бойынша мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың талаптарына сәйкес өнім берушілерге Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы үлгілік шарттарға (бұдан әрі – Үлгілік шарт) сәйкес веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарттың жобасы жолданады. Бірақ Үлгілік шарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер көзделмеген. Шарттар жасасу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені қолдану іс жүзінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасалғанға дейін де ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға көмектесетін құрал болып табылатынын атап өткен жөн. Осылайша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе өз мәні бойынша шарт тараптарының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеуі және олардың жасалуына жол бермеу жөнінде ақылға қонымды шаралар қабылдауға дайындығы туралы өзара түсіністікке бағытталған.	1	2	Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы бекітілген үлгілік шартта егер контрагент сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпені бұзған және (немесе) заңсыз қызметке тартылған жағдайда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпе мен шартты бұзу немесе өзге де жауапкершілік шараларын қолдану үшін негіздерді көздеу.	МСБ, барлық құрылымдық бөлімшелер
Кіші процесс: Контрагенттердің шартты орындауы					
КП-5	Бастамашы құрылымдық бөлімше тараптардың шарт талаптарын толық және тиісінше орындауын бақылауды жүзеге асырады. Бастамашы құрылымдық бөлімшелердің басшылары тауарларды (жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді) шарт бойынша, қабылдау-тапсыру актілері (көрсетілген қызметтер/орындалған жұмыстар) бойынша қабылдау үшін жауапты болады. Бастамашы құрылымдық бөлімшенің басшысы мен орындаушысы, сондай-ақ функцияларына тауарларды (орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді) қабылдау-тапсыру актілерін дұрыс ресімдеуі кіретін бухгалтерлік есеп қызметкерлері шарттар бойынша актілердің дұрыс ресімделуі және уақтылы келісілуіне дербес жауапкершілікте болады. Тауарларды (орындалған жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді) қабылдау-тапсырудың бекітілген актілерін сақтауды бухгалтерлік есеп бөлімі жүзеге асырады. ISO 37001 халықаралық стандарты жеке шешім қабылдауға жол бермейді.	2	3	Орындалған жұмыстар актілеріне қол қою және ТЖҚ-ны нақты қабылдаусыз тауарларды қабылдау тәуекелін болдырмау мақсатында немесе ТЖҚ-ны негізсіз қабылдағанға дейін Бастамашының жеке шешімімен алқалы негізде (тұрақты жұмыс істейтін комиссия) тауарларды (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді) қабылдауды көздеу қажет.	Барлық құрылымдық бөлімшелер
Мемлекеттік тапсырма аясында сатып алу					
КП-6	Қағидалардың 3-тармағын ескере отырып, мемлекеттік тапсырманы орындау	2	3	Контрагенттің толық деректемелерін	Барлық

	аясында тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды бастамашы құрылымдық бөлімше Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделген конкурстық рәсімдерді сақтамай жүзеге асырады, бағаға ықпал ету немесе нарықты жасанды жоғалту немесе жоғары бағамен ұсыныстар беру мақсатында өнім берушілер арасында сөз байласу қаупі бар.			көрсете отырып (фирмалық бланкіде және мөрмен бар болса) және бірінші басшының қолымен, сондай-ақ жауапты құрылымдық бөлімшелер қажет болған жағдайда баламалы нарықтық ұсыныстарды тәуелсіз жинауды жүзеге асыра отырып, баға (коммерциялық) ұсыныстарын қабылдау қажет.	құрылымдық бөлімшелер
Кіші процесс: Сатып алу шарттары бойынша бұзушылықтар					
К-4	«Хабар» Агенттігі» АҚ-ның жасалған шарттары бойынша сот органдарына ТЖҚ-ны уақтылы жеткізбеу не бермеу фактісі бойынша талап қою фактілері бар, ТЖҚ-ны сатып алу Бастамашысының уақтылы хабарламауы салдарынан өнім берушіні мемлекеттік сатып алуды жосықсыз өнім беруші деп тану туралы талап арызды уақтылы бермеу қаупі бар. Бұл тәуекел бұрын «Хабар» Агенттігі» АҚ Тәуекелдер тізілімінде көзделген және және ол бойынша осы тәуекелдің басталуына жол бермеу жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі. <i>(Процесс бойынша тәуекел: мемлекеттік сатып алу және тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу – Сатып алу шарттары бойынша талап қою талаптары. Сатып алу шарттары бойынша бұзушылықтың ықтимал тәуекел факторлары (тәуекелдің туындау себептері)</i>	2	3	Бастамашының ІНҚ-да Құқықтық қамтамасыз ету бөліміне ТЖҚ жеткізілмеген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде уақтылы хабарлауын көздеу қажет. Бұл тәуекел бұрын «Хабар» Агенттігі» АҚ Тәуекелдер тізілімінде көзделген және ол бойынша осы тәуекелдің басталуына жол бермеу іс-шаралары жүргізіледі.	ҚҚБ, МСБ, барлық құрылымдық бөлімшелер

Комплаенс-менеджер

А. Жақсыбекова